

*Әдеби
мемуарлар*

А 2007

2 к



Қалдырған ізі мәңгілік

*Ә.Тыныбаев туралы
естеліктер*



ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘҢГІЛІК

Ә.Тыныбаев туралы естеліктер



Алматы “Білім” 2006

ББК 84 (5 Қаз)

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Құрастырған: Н.Тыныбаев

**Т 91 Қалдырған ізі мәңгілік. Ә.Тыныбаев туралы
естеліктер.** — Алматы: “Білім”, 2006.—
616 бет + 24 бет суреттер.

ISBN 9965-09-385-7

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген гидротехнигі Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың ғұмыры үлгі-өнегеге толы. Аяулы азаматтың жарқын тұлғасы, өнегелі өмірі замандастарының, туыстарының, көз көргендердің және балаларының көзімен қайта жаңғырады. Кітапқа бір бөлім болып еніп отырған Ә.Тыныбаевтың шығармалары белгілі фактілерге жаңа сипат беріп, жинақтың көркемдік құндылығын арттыра түседі. Ә. Тыныбаевтың ешкімге белгісіз болып келген қаламгерлік қабілетімен көпшілік қауым алғаш танысу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Жинақтағы естеліктердің мазмұны ой мен сезімге бай, жастарға берер өнегелік тағылымы мол.

**Т 4702250200
412(05)-06**

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-09-385-7

© Тыныбаев Н. (құраст.), 2006
© “Білім” баспасы, 2006

*Ұзақ өмір сүріп өмірден өткен ардақты атам
Әлиді басымды ие еске ала жүріп, тірі болғанда
келер жылы 80-ге толатын сүйікті әкем
Әбубәкірдің өмір жолы жайлы замандастарының
мейірім мен әкеме деген қошемет-құрметке
толы, әрі шынайы, өзім көп жыл тірнектен
жинаған осы естеліктер жинағын аяулы анам
Қансұлу Ахметқызының және барша
Тыныбаевтар әулетінің атынан ардақты атам
Әлидің, сүйікті әкем Әбубәкірдің киелі
рухтарына арнадым.*

Нәби ТЫНЫБАЕВ

БІРІНШІ КІТАП

Замандастарының естеліктері

Өмір жолы өнеге

(Алғы сөз)

“Елдің атын ер шығарады” демекші қасиетті, киелі Сыр өңірінен түлеп ұшып, еліміздің мақтанышына айналған, есімін қастерлеп айтып жүрер азаматтардың бірі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген гидротехник Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев.

Әбубәкір Әлиұлы 1927 жылы Қызылорда облысының Әйтеке би кентінде (Қазалы ауданы) теміржолшы отбасында дүниеге келді. Балалық, жастық шағы ел басына нәубет туған қиын кезеңдерге тура келген ол еңбек дәмін, тұрмыс тауқыметін ерте татады. Сол кездегі ұрпаққа тән буыны еңбекпен қатайып, өсіп, жетіледі.

1948 жылы орта мектепті үздік бітірген ол Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына түседі. 1953 жылы институтты инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, жолдама бойынша Ақмола облысына жұмысқа аттанады. Ақмола облыстық Су шаруашылығы басқармасында жұмыс істеді, тың және тыңайған жерлерді игеруге атсалысады. 1956 жылы туған жеріне оралып, 1961 жылға дейін Қызылорда облысының Қазалы аудандық суландыру жүйесі бөлімінде жұмыс істеді.

“Тіршілік нәрі – су” дейтін болсақ, 90 мың халқы бар ірі ауданның суға байланысты проблемасымен Әбубәкір Әлиұлы бел шешпей тікелей айналысты. Ол кездері ауыз су мәселесімен қатар суармалы жерлерді игеру ісі де кезек күттірмес шаралардың қатарына жататын. Ал бұл мәселелер тек аудан көлемінде ғана емес кешенді түрде, облыс көлемінде шешілуі керек еді.

Қазалы аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істеген іскер басшының облыстық деңгейге қызметке шақырылуы оның ойының, идеясының өміршендігінің жарқын көрінісі болып табылады. 1962–1966 жылдары Қызылорда облыстық суландыру жүйесі басқармасында жұмыс істеді. 1966–1971 жылдары “Қызылордасуқұрылысы” тресінің бастығы болды.

Әбубәкір Әлиұлының бұл жылдардағы қызметі Қызылорда облысындағы күрделі құрылыстың дамуына сәйкес келді. Суармалы жерлерді игеру мәселесі тығыз қолға

алынып, оған күрделі қаражат бөлінді. Облыста бірнеше құрылыс трестері, көптеген құрылыс-монтаж бөлімшелері және жылжымалы-механикалық колонналар құрылды.

Облыста “Солжаға”, “Түгіскен” және “Қазалы” алқаптары игерілді. “Келінтөбе” арнасы және Қазалы су тоспасы салынды. Нәтижесінде кең-байтақ егістік жерлер игеріліп, күріш алқабын ұлғайтудың мүмкіндігі туды. Облыстағы 250 мың гектар егістік жердің 190 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілді.

Қазалы су тоспасы құрылысын салу өте ауыр жағдайда өтті. Жоспар бойынша су тоспасының аяқталу кезеңі 1969 жылдың желтоқсан айына тура келді. Сыр өңірінің қысы жылдағыдай емес осы жылы айрықша қатал, ызғарлы болды. Көпті көрген қариялардың айтуынша мұндай қытымыр суық әр 40–50 жылда бір қайталанатын көрінеді. Мұндай жағдайда тек көзсіз ерлік ғана емес, көкірек көзі ашық көрегендік, жұмысты шебер ұйымдастырушы ғана емес, бар жауапкершілікті мойнына алатын ержүрек адам керек еді.

Осындай қиын сәттері аудан басшыларының өзі қобалжып, “жұмысты көктемге қалдырсақ қайтеді” деген ұсыныстарын білдіреді. “Көктемде бөгет салмайды, егін егеді” деп бар жауапкершілікті Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев мойнына алады. Бөгет құрылысына өзі басшылық жасап, аяғына дейін алып шыққанын көз көргендер айтып та, баспасөз бетінде жазып та жүр. Осындай сәттері оның білекті түрініп, арқаланып шыға келетін ер мінезін халық жақсы біледі.

Сумен бірге жерге жан бітіп өзінің нәрін береді. Осы игерілген жерлерде, уақыт күттірмей, жаңадан 13 шаруашылық құрылады. Қызылорда қаласының өнеркәсібі де қарыштап өсе түсті. Бір бесжылдықтың өзінде целлюлоза-картон, құрылыс материалдары, ет және нан комбинаттары, алкогольсіз ішімдіктер шығаратын зауыт, құс фабрикасы, жылу-электр орталығы және басқа да көптеген объектілер салынып, пайдалануға берілді. Еліміздің Батысы мен Оңтүстігін жалғастырып жатқан магистральды жолға орналасқан облыс орталығы Қызылорда қаласы ірі өндіріс орталығына айналды.

Құрылыстағы қарқынды істер тек өнеркәсіп ошақтарын ғана емес, мәдениет пен әлеуметтік саланы да қамтыды. Білім және өнер ордалары бірінен соң бірі қаулап бой көрсете бастады. Облыс орталығында Н.Бекежанов атындағы 800 орындық музыкалық-драма театрының сәулетті үйі, Мелиораторлар үйінің әсем ғимараты, алаңы

қысы-жазы бірдей көкпен көмкерілген Орталық стадионның құрылысы салынды. Сондай-ақ, облыстағы игерілген жерлерде 8 мәдениет үйі, 30-дан астам клуб, ондаған орта білім беретін мектеп, кинотеатр және кітапхана үйлері пайдалануға берілді. Жаңадан бой көтерген білім мен мәдениет объектілерінің барлығы да халықтың рухани қажетін өтеуде айрықша маңызға ие болды. Осы құрылыс объектілерінің қай-қайсысының болсын мерзімінде тапсырылуына Әбубәкір Әлиұлы тікелей мұрындық болып, жанашырлық танытып отырды.

Әбубәкір Әлиұлының тікелей қатысуымен егістіктерді, жайылымдарды суландыру, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жолға қойылды. Облыста техникалық дақылдардың егіс көлемі ұлғайды. Күріштің әр гектардан алынатын түсімі орта есеппен 50 центнерге жетті. Суармалы жердің жалпы көлемі 235 мың гектар болып, күріштің ауыспалы егісі 150 мың гектарды құрады. Ал суармалы жайылымның көлемі 3 млн. гектар болды. Орасан зор көлемдегі суландыру жұмыстарының нәтижесінде Қызылорда облысы ірі күріш өсіруші аймақтардың біріне айналды. Одақ бойынша күріштің бестен бір, республика бойынша төрттен үш бөлігін берді.

Су шаруашылығының, су құрылыс объектілерінің жұмыстары ыңғайланып, қарқыны бір арнаға түскенде, 1972 жылы Қазалы ауданының бірінші басшысы болып сайланды. Қазалы сияқты іргелі, жері шалғай ауданның экономикасын ұршықша иіріп ала жөнелді. Көптеген жұмыс орындары ашылды, трест құрылды, жаңа құрылыстардың қадалары қағылып, “сақалды” құрылыстарға жан бітті. Бұрынғы қолға алынған игі істер межесіне жетіп, жаңа бастамалар көтеріліп жатты.

Бір айта кететіні Әбубәкір Әлиұлы бұл құтты орында да көп отырмады. “Қап түбінде біз жатпас” дегендей Ә.Ә.Тыныбаев ауқымды істердің, ірі масштабтың адамы екені оның әр әрекетінен көрініп тұратын. Оның көмегін, білімі мен тәжірибесін қажет ететін халық шаруашылығының суландыру, мелиорация ісі болды. Солай екенін он жылдай уақыт Қызылорда облыстық суландыру жүйесі басқармасында және “Қызылордасуқұрылысы” тресінің бастығы болып қызмет істеген жылдары көрсете білді. Су шаруашылығы Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевсыз шөлі басылмайтындай көрінетін.

1974–1981 жылдары Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып қызмет атқарды. Бұл кезең еліміз су шаруашылығында айтулы өзгерістердің, игі қадамдардың жасалып жатқан кезі еді. Арал проблемасы, Сібір өзендерін

Оңтүстікке бұру, Ертіс-Қарағанды, Үлкен Алматы каналдарының құрылыстары, күріш алқаптарын ұлғайту, қуаңшылықпен күресу, егістіктер мен шабындықтарды суландыру, ауыз су проблемаларын шешу, игерілген кен орындары мен көмір шахталарын сумен қамтамасыз ету, жаңа құрылған облыстар мен аудандарды игеру сияқты қыруар мәселелер көлденең тартылған еліміз экономикасының өрлеу кезеңі болатын. Дәл осы жылдарда оның ұйымдастырушылық таланты ерекше жарқырай көрінді. Республикада суармалы егіншілік одан әрі дамыды. Зор көлемде атқарылған мелиорациялық жұмыстар тұрақты суару аумақтарын 2 млн. гектардан асыруға мүмкіндік берді.

Мелиорациялық объектілер сапасы жағынан жетілдірілді. Қондырғылармен, коллектор-дренаж желісімен жарақтандыру деңгейі айтарлықтай жақсарды. Суармалы жерді пайдаланудың тиімділігін жоғарылату нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру мен олардың өнімділігін үздіксіз арттыру қамтамасыз етілді. Сол жылдары 140 млн. гектар жайылым суландырылды.

Әбубәкір Әлиұлы өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқара білді. Жұмысты үлкен-кіші деп бөлген жоқ, қойылған мәселелердің барлығына бірдей қарады. Суландыру объектілері қатаң бақылауға алынды. Сорғылардың, қондырғылардың, коллекторлардың және басқа техникалардың жұмыстары қайта ұйымдастырылып, мелиорация жұмыстары сапалық жағынан жаңа деңгейге көтерілді. Суды үнемді, тиімді пайдалану істері жолға қойылды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде маусымында 140 млн. гектар жайылым мен шабындық суландырылып отырды.

Ә.Ә.Тыныбаев мелиорация, суландыру жөніндегі мол тәжірибесі, іскерлігі республикамыздағы ең сулы өлке “Жер жаннаты – Жетісу атанған” Талдықорған облысында қызмет атқарған жылдары кеңінен көрініс тапты. 1981–1986 жылдары Талдықорған облысының бірінші басшысы болған кездері Жетісу өлкесі барынша атына лайықты бола түсті. Өлкенің жері құлпырып, жасыл желекпен көмкерілді. Халықтың әлеуметтік ахуалы бойынша республикамызда алдыңғы қатарға шықты. Облыс одақтық, республикалық жүлделерге бірнеше мәрте ие болды. Облыс еңбекшілерінің еңбектері әділ бағаланып, көптеген адамдар ордендермен және медальдармен марапатталды. Бұл жылдары облыс

көлемінде Еңбек Ері атанған еңбек майталмандарын да көптеп санауға болады.

Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев 1986 жылы Одақтық дәрежедегі зейнетке шықты. Оның Үкімет пен халықтың алдындағы сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, “Ленин”, үш мәрте “Еңбек Қызыл Ту” және “Халықтар Достығы” ордендерімен, республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. “Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген гидротехник” құрметті атағы берілді. Облыстық, республикалық, одақтық басқару ұйымдарының бәріне мүше болды.

Біздің қазір іргелі ел болып, көк байрағымыздың желбіреп отырғаны аға ұрпақтың жанқиярлық еңбегінің нәтижесі екенін ұмытпауымыз керек. Бір өкініштісі — Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев сияқты халқына адал еңбек еткен азаматтар еліміздің тәуелсіздігінің жемісті нәтижелерін көре алмай кетті. Қазіргі ұрпақ үшін ағалар салған даңғыл жолды жалғастыру басты парыз болмақ.

Еліміз тарихындағы жарқын тұлғалардың бірі Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың атқарған қыруар істерін халық ұмытпақ емес. Қызылорда қаласында және Әйтеке би кентінде оның атында көше бар. Үкімет қаулысымен Сырдария өзенін бөгеп тұрған Кіндік Азиядағы күрделі құрылыстардың бірі — Қазалы су тоспасы Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың есімімен аталады.

Құрметті оқырман!

Қолдарыңыздағы осы жинақ халқымыздың аяулы ұлдарының бірі — Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың жарқын өмірінен тағлымды, мазмұнды сыр шертеді. Бұл кітап жаны кіршіксіз таза, бүкіл өмірін халық игілігі жолына арнаған, адалдықты, әділдікті ту етіп өткен адамның бейнесімен қауышуға, оның біртуар тұлғасымен жүздесуге, ең бастысы оны білетін адамдардың жүрегіне ұялап қалған сезімге толы даусын көңіл түйсігімен қайта естуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Ал енді, елімізге белгілі тұлғалардың, көз көрген адамдардың атсалысуының, көп болып қолға алудың нәтижесінде дүниеге келген кітаптың беттерін парақтап көрейік. Өмір жолы өнегеге толы аяулы азаматтың рухын ардақтай отырып, бір-бірімізбен осы жинақта тағы бір қауышайық. Осы кітапты оқу арқылы бәріңізге қызықты, ғибратты, тәлімді сәттер тілеймін!

*Бәйкен ӘШІМОВ,
Социалистік Еңбек Ері,
Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің
1970—1984 жылдардағы төрағасы*

**Азамат туралы сөз
немесе Әбубәкір Тыныбаевтың кісілік келбеті туралы**

Әбубәкір Тыныбаев — Сыр елінің перзенті. Сыр бойы әлімсақтан бері диқандар мекені. Жеті атасынан бермен қарай су жағалап, егін еккен жергілікті тұрғындар күні кешеге дейін Арал мен Сырдың ақ балығын аулап, дария бойына шығыр орнатып, жүздеген танап құнарлы жерлерге арпа, бидай, күріш, жүгері, тары секілді дақылдар егіп, жыл сайын терең ұраларын астыққа сықап толтырып алады екен. Сыр өңірінің халқы жер емген осы атакәсіптің арқасында 1930 жылдары елімізді жайлаған айтақыр аштықтан да аман қалды. Сол бір нәубеттен қалт-құлт етіп аман қалған ұрпақ кейіннен мемлекетіміздің бар ауыр жүгін өз иықтарымен көтерді. Соғысқа барып, жаумен арпалысты, оқ пен оттың ортасынан тірі шыққандар елге келіп, тұралап қалған шаруашылықтарға жан берді, басшылық қызметтерге араласты. Солардың бел ортасында жүргендердің бірі — Әбубәкір Тыныбаев еді.

Біз ауылды халқымыздың, ұлтымыздың алтын бесігі дейміз. Шындығында солай. Бәріміз де сол ауылға кіндігімізбен байланғанбыз. Әлі күнге дейін елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған малшылар мен диқандар, ауыл шаруашылық техникасын меңгерген бесаспап мамандар, білім мен ғылымды игерген зиялы қауымның тамыр алып, ұшқан ұясы — осы айналайын алтын ауыл ғой. Сондықтан ауылға, оның тұрғындарына жан-жақты қамқор болу мемлекетіміздің күн тәртібінен түспегені абзал. Ханымыз бар, қарамыз бар, барлығымыз да ауылға қарыздармыз.

Ұлы Отан соғысынан кейін ауыл шаруашылығын жан-жақты дамытуға, соның негізінде халықтың тұрмыс жағдайын көтеруге, ауылды гүлдендіруге қажырлы қызмет атқарған қыруар басшылар тобы өсіп-жетілді. Солардың бірі — Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін жиырма жылға жуық уақыт өзі туып-өскен Қызылорда облысында табан аудармай еңбек етті. Әбубәкір Тыныбаев қарапайым мамандығынан мол тәжірибе жинақтап, әрбір сатылы бас-

шылыққа қажырлы еңбегімен көтерілген сарабал азамат, іскер маман, өнегелі ұйымдастырушы. Қазалы суландыру жүйесі басқармасының бас инженері, бастығы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қызылорда облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары... Міне, осы қызметтердің бәрінде де Әбубәкір Әлиұлы өзінің біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көпшіліктің есінде қалды. Қай жерге басшылық қызметке барса да орын оны емес керісінше, сол орынды ол көркейтетін. Басқашалау айтсақ, қызмет орны емес, ол қызметті жандандырып, ілгері басқан игілікті істерімен ел-жұртының алғысына бөленетін. Қызылорда облысында басшылық қызмет атқарған жылдарында ол осы өңірдегі егіс алқаптарын, мал жайылымдарын суландыру жұмысына, суармалы егіс көлемін арттыруға, күріш, көкөніс, екпе шөп, дәнді дақылдардың өнімділігін арттыруға ерекше үлес қосты. Жұмысты ұйымдастыру шеберлігімен белгілі болған білгір маман Әбубәкір Тыныбаев 1974 жылы Қазалы ауданының бірінші басшысы лауазымынан жоғарылап, Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып тағайындалды. Ол бірнеше мәрте республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Сөйтіп, сатылай өсе отырып, Әбубәкір Әлиұлы қарапайым су құрылысы маманынан көрнекті мемлекет қайраткеріне дейінгі жолдардан сүрінбей абыройлы өтті.

1970—1980 жылдары ауыл-село еңбеккерлері үшін жемісті кезеңдер болды. Ең алдымен, бұл жылдары астықтың және басқа дақылдардың шығымдылығы рекордтық көрсеткіш дәрежесіне жетті. Ұжымдар мен кеңшарлар экономикалық жағынан барынша нығайды. Мұның өзі ауыл-селоларда тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық кешендер құрылысын өрістетуге, ауыл шаруашылық техникаларын көптеп сатып алуға мүмкіндік туғызды.

Негізінен ауыл шаруашылығы өндірісі үшін біздің елдің климаттық жағдайлары өте күрделі екені белгілі. Дәнді дақылдар өсіруге қолайлы солтүстік, шығыс және батыс облыстарда ылғал жағы кемшін болып келеді. Жазы ыстық және қысқа, қысы қатал және ұзақ. Егіннен қалыпты өнім алу үшін агротехникалық шаралардың тұтас бір кешенін жүзеге асыру күні кешеге дейін күн тәртібінен түспей келгені бәрімізге белгілі. Оңтүстік облыстарда дәнді дақылдармен қатар, техникалық және жарма дақылдар, бау-бақша, көкөніс шаруашылықтары шоғырландырыл-

ған болатын. Мен мұның барлығын бекер тізбелеп отырған жоқпын. Осы жылдары республика көлеміндегі дәнді дақылдардың шығымдылығының артуына, суландыру жүйесіндегі жетістіктердің қарыштап дамуына Әбубәкір Тыныбаев қосқан үлес орасан. Республика басшылығы осы кезеңдерде егіс алқаптарын суландыру жобасына баса назар аударды. Жетпісінші жылдары мақта, күріш және қызылша егістерінің көлемін ұлғайту жөнінде зор жұмыстар жүргізілді. Дәстүрлі суармалы егістігі бар Шымкент, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарында сумен қамтамасыз ету ісін жақсарту шаралары жүзеге асырылды. Сексенінші жылдардың басында “Бартоғай” бөгені салынып, Үлкен Алматы каналы тартылды. Мұның өзі Алматы облысы шаруашылықтарына бұрынғы суландыру жүйелерін жақсартып, жаңадан бірсыпыра тараптарға су жеткізетін мүмкіндік туғызды. Бұл үшін Қапшағайдың суы да пайдаланылатын болды.

Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарында Ертістің суын пайдалану арқылы жем-шөп, көкөніс, картоп егістерінің көлемін ұлғайтуға ұтымды мүмкіндік туды.

Ертіс-Қарағанды каналының екі жақ өңірінен көптеген жерлерді суару жұмысы сәтті ұйымдастырылды. Сол жерлерден картоп, көкөніс, сүт өндіретін жаңа шаруашылықтар бой көтеріп, ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Осылайша суармалы егістікті дамытумен қатар, кей жерлерде “шағын суарма” деп аталатын шараларды қолдану әдісі кеңейтілді. Шабындықтар мен мал жайылымдарын ылғалдандыру үшін жер асты су көздерін пайдалану жолдары қарастырылды. Ол үшін көптеген скважиналар бұрғыланып, тереңнен су тартатын қуатты қондырғылар іске қосылды, олардан жан-жаққа тарататын құбырлар тартылды.

Міне, қазандай қайнаған осындай іс-шаралардың, жұмыстардың бел ортасында министр Әбубәкір Тыныбаевтың өзі жүрді. Сөйтіп, 1970 жылдан 1985 жылға дейін 15 жылдың ішінде біздегі суармалы жердің көлемі 1 миллион 370 мың гектардан 2 миллион 234 мың гектарға жетті. Соның арқасында күріш, шитті мақта, қант қызылшасы, жүгері, көкөніс пен картоп, жемдік дақылдар егісінің көлемі анағұрлым ұлғайды.

Шаруашылықтар егістіктерді механизмдердің күшімен суару үшін қажетті техникалармен қамтамасыз етілді. Суарудың білікті мамандары көптеп әзірленді.

Мұндай ауқымды әрі күрделі жұмыстарды ұйымдастыру, оны орындау жауапкершілігі республикадағы тиісті мекемелерге, олардың мамандары мен басшыларына жүктелетін. Олар: Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, “Главриссовхозстрой” мекемесі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және олардың аумақтық органдары.

Сөз болып отырған жылдары министр қызметінде болғандар: Сұлтан Сәрсенбаев, Әбубәкір Тыныбаев, Нариман Қыпшақбаев, Михаил Моторико және “Главриссовхозстрой” мекемесін басқарған, кейіннен Үкімет басшысының орынбасары болған, Еңбек Ері Эрик Христофорович Гукасов. Осы азаматтардың әрқайсысы мелиорация жұмысын жолға қою, ауыл шаруашылығының барлық саласын дамыту ісіне өздерінің орасан зор үлестерін қосты.

Біз сөз етіп отырған Әбубәкір Тыныбаев институт бітіргеннен кейін он бес жылдан астам уақыт су шаруашылығында, оның құрылыс саласында прораб, инженер, трест бастығы сияқты абыройлы еңбек жолдарынан өтті. Сол уақытта жинақталған тәжірибелерін үлкен лауазымды министр қызметіне келгеннен кейін де шебер пайдалана білді. Министрліктің ұжымы, жергілікті мекемелердің мамандары жұмыла қызмет атқарып, шаруашылықтарда суармалы жерлерді дұрыс пайдаланып, оған егілген дақылдардан мол өнім алу жұмысы жөнге қойылды.

Әбубәкір Әлиұлы облыстар мен аудандар және шаруашылық басшыларымен қызмет мәселелері жөнінде тығыз байланыс жасай отырып, істің бәрін тиянақты шешуге әдеттенген еді. Ол уақытта республикалық деңгейдегі басшылардың өздеріне тапсырылған шаруаны жауырды жаба тоқып, иә болмаса созбаққа салуы, жалған сөйлеуі болмайтын. Сондықтан болар Ә.Ә.Тыныбаев жергілікті басшылар мен мамандар арасында, жалпы республика көлемінде беделді болды.

Министрлік қызметтен кейін Әбубәкір Тыныбаев Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Бұл Ә.Ә.Тыныбаевтың барлық көңіл-қошымен, ынта-жігерімен еңбек еткен жылдары еді. Өзі су маманының тілегін Құдай осы жерден тауып берді. Жетісу өлкесіндегі жеті өзеннің бесеуі Талдықорған облысының аумағымен ағады. Суы да, суармалы егісі де мол. Және бұл кезде аймақты гүлдендіруге атсалысып, сол кездегі шаруашылық басшылары, олардың ішінде есімдері Одаққа әйгілі болған Н.Н.Головацкий, З.Ж.Тамшыбаева

сияқты майталмандар еңбек көрігін қыздырып жатқан болатын.

Осы өңірден жиналатын қант қызылшасы, Панфилов ауданының тұқымдық жүгерісі — республиканың барлық шаруашылықтарын тұқыммен қамтамасыз ететін.

Осы облысқа білгір маман, шебер ұйымдастырушы ретінде жіберілген Әбубәкір Тыныбаев бұл жерде де талай игі бастамаларға ұйытқы болып, өз қолтаңбасын қалдырды.

Қаншама жыл қоян-қолтық араласқанда, жеке басын сипаттағанда Әбубәкір Тыныбаев мейлінше қарапайым, ақкөңіл, айналасына сәулесін түсіріп жүретін мәдениетті, ал іске келгенде өз мамандығын қапысыз меңгерген, ұйымның ұйытқысы бола білген жаны жайсаң азамат еді. Қысқасы біз білетін Әбубәкір Әлиұлының өмірдегі, еңбектегі азаматтық бейнесі осындай еді.

Алматы, 2000 жылдың 11 қаңтары.

Сағидолла ҚҰБАШЕВ,

Қазақстан Компартиясы

Орталық Комитетінің

1987—1988 жылдардағы 2-ші хатшысы

Қымбатты Әбубәкір Әлиұлы!

Сізді, асқаралы үлкен өміріңіздің ең биік кезеңі — 70 жасқа толған, туған күніңізбен, мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл кезеңді өткен қоғамда өзіңмен бірге жүріп, ұзақ жылдар халқыңның зор сеніміне ие болып, жоғары мемлекет қызметтерінде қалтқысыз еңбек еткен қатар достарың, жолдастарың ерекше қуаныш сезімімен ортақ тойлайды. Бұл той — бәріміздің тойымыз, бүкіл Сыр елінің тойы, Жетісу елінің тойы, қазақ халқының тойы. Бұл — өзіңнің ерен еңбегіңнің, халқыңның алдындағы адал қызметіңнің, мағыналы да, мазмұнды да өмір жолыңның бағасы деп білеміз.

Сіз, аса қадірлі Әбеке, Қызылорда, Талдықорған облыстарында басшы қызметтерде, Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып, жігерлі де білікті, талантты да іскер ұйымдастырушы, Қазақстан Республикасының экономикасы мен мәдениетінің мықты өркендеуіне зор үлес қосқан мемлекет қайраткерлерінің бірісіз.

Мен өзіңізді, Әбеке, Министрлер Кеңесінде бес жылдай бірге қызметтес болған жылдарда жақсы таныдым. Ақжарқын көңіліңіз, адал жүрегіңіз, биік парасатты адамгершілігіңіз, Сіздің үлкен мемлекет және қоғам

қайраткері ретіндегі тұлғаңызға үйлесіп тұратын. Сол қалпыңыз, міне зейнеткер жасындағы 10 жылда да өзгерген жоқ.

Әбеке, қазақ халқының, Алаштың ақиық азаматы Өзіңе, аяулы жарыңыз Қансұлу-ханымға, ұрпақтарыңа зор денсаулық, бақытты өмір тілеймін!

Достық сәлеммен, Сағидолла Құбашұлы.

1997 жылдың желтоқсаны.

Қаратай ТҰРЫСОВ,
*Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты, Мәжілістің Қаржы
және бюджет жөніндегі комитетінің төрағасы*
Жайсандығына жан жетпейтін

Мен бүгінгі күнге дейін қаншама азаматтармен қызметтес, үзеңгілес, дәмдес-түздас болып, етене араластым, талай тұлғалармен қатар жүріп, жайсандармен жүздестім. Әр адам өзінше бір әлем ғой. Әрине, олардың жандүниесін, терең қатпар сырларын бірден ұғына қою да оңай емес. Дегенмен солардың ішінде де алғашқы кездесуден-ақ бірден жүрегіңе жақын сезініп, бұрыннан таныс-білістей ортақ тіл табысып кететін, жатырқап-жатсынуды білмейтін жайсандары болады. Міне, сондай жаны таза, көкірегі адал жақсы-жайсандардың бірі Әбекең — Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаев еді.

“Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!” демей ме атамыз қазақ. Бір өкініштісі, біз сол ниет-тілегімізді көбіне азаматтың бұл фәниден бақи дүниеге аттанғанынан кейін айтып жататынымыз бар. Кім білсін, бұған да шүкіршілік деу керек шығар. Бірақ:

“Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,
Жамандар жақсымын деп айқайлайды.
Жүргенде күнде көріп баурайында,
Таулардың биіктігі байқалмайды”, —

дегендей күнделікті тіршіліктің қарбаласымен ондайға мән беріп жатпайтынымыз тағы бар ғой. Бұл — көңілдің адалдығынан емес, сол жайсандарымыздың бойындағы қадір-қасиетін қаз-қалпында қабылдап үйренгендігімізден болса керек. Шындап келгенде, олар өзіңнен алыстаған са-

йын тұлғасы дараланып, бар болмысы айшықтала түседі екен.

Әділін айтсам, Әбекенді 1980–1981 жылдары ол кездегі Қазақ ССР Мемлекеттік техникалық бақылау Комитетінің төрағасы кезімнен білемін. Ол кезде Әбекең Республика Мелиорация және су шаруашылығы министрі болатын. Министрлер Кеңесіндегі мәжілістерде, алқалы жиындарда жүздесіп, жылы шыраймен сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, тығыз араласып кете қойған жоқ едік. Бірақ министрмін деп кеуде керіп, көзге түсе бермейтін, өзін қатардағы бір адамдай ұстайтын, барынша қарапайым екенін байқайтынмын.

Кейін көп ұзамай ол Талдықорғанға облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, мен Қазақ Кәсіподақтар кеңесінің төрағасы қызметіне ауыстым. Содан бастап, Әбекең екеуміздің арамыздағы шынайы достық қарым-қатынасымыз орныққан. Ол менің Талдықорған облысына іссапармен баруымнан басталған. Сол жолы мен Әбекеңнің айрықша байсалды да парасатты, ел мен жердің тарихын өте терең білетін, халықтың бүгінгі мен болашағына аса жанашырлықпен қарайтын зерделі де зерек азамат екеніне әбден көзім жетіп, шын разы болдым. Талдықорғанның төскейі мен табиғаты, өзені мен көлі, халқының тіршілігі мен қарекеті туралы тебірене отырып толғана сыр шерткен.

Сөз арасында Жетісудың жауһарына айналған “Қапал-Арасан” санаторийінің әбден азып-тозған бүгінгі мүшкіл жағдайын жайып салып, соны жаңғыртып, жұмысын жандандыру үшін менің қол ұшын беруімді өтінген. Шынында, атағы жер жарып, емделушілер еліміздің түкпір-түкпірінен ағылып келіп жатқанымен, санаторийдің ескі ғимаратының сыртқы сиқы кісі қызығарлықтай емесі расты. Жыл сайын Димаш Ахметұлы келіп демалатын, “Қонаевтың үйі” атанып кеткен құрастырмалы шитті баспананың өзі сонау XIX ғасырдағы Жетісудың генерал-губернаторы Колпаковский заманынан қалған мұра еді. Оның үстіне Одақтық маңызы бар емдеу орталығына дейін баратын жолдың жайы да сын көтермейтін. Осы жайларды Әбубәкір Әлиұлы жеріне жеткізіп тұрып айтқан. Сыр түлегінің Жетісудың тағдыры туралы тебіренісі менің де жүрегімді қозғап, жанымды сыздатқан.

Мен Әбекеңнің әлгі әңгімесінен кейін, қолдан келген көмегімді жасайтыныма уәде бердім. Жадырап сала берген

Әбекен: “Қане, Қареке, енді бильярдты бір қайырып, көңіл сергітіп алсақ қайтеді?”, — деген соң екеуіміз обком резиденциясындағы бильярд үстеліне келгенбіз. Әбекеннің бильярд десе жанып сала беретінінің тегін еместігін сонда көріп, онтайға келгенді омпасынан түсіріп, қалт еткенді қапы жібермейтін хас шеберлігіне тәнті болғаным бар. Ал енді ішкі қиыс ұрғанда қиып түсіретіні екіншісінің қолынан келе бермейтін. Біле білгенге бұл да үлкен өнер.

Не керек, сөйтіп жүргенде бір күні Димекен — Димаш Ахметұлы Қонаев Талдықорғанға барып демалатынын айтып, мені құлағдар еткен. Ұмытпасам, 1983 жыл болса керек. Мен бұл жөнінде Әбекенге хабарлап, “Қапал-Арасанға” сол кездегі республика Автомобильдер жолдары министрі Шәміл Бекболатовты шақыруына кеңес бергенімде ол айрықша қуанып кетті. Себебі ондағы күшқуат пен біздегі қаржыны бір арнаға салсақ, “Қапал-Арасанның” жағдайы түзелерін ол да білді. Сонымен, Димекенді санаторийде мен, Әбекен және бұл шақыруды қуана құптаған Шәміл үшеуіміз қарсы алдық.

Сол кездесуде “Қапал-Арасанның” қазіргі мүшкіл жағдайы да қозғалып, бұрынғы емдеу корпусын күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа ғимарат құрылысын жүргізу, жол салу мәселесі Шәміл Хайроллаұлына жүктеліп, мен қаржысын тауып беретін болып келістік. Алдымызға дәммен бірге келген малдың басын Димекен:

— Қаратай, мен бастан кенде қалып жүрген жоқпын, осыны сен ал,— деп маған ұсынды. Үлкен ағаның сөзін жерге қалдыруға болмайды, амал жоқ, рахмет айтып, мен ұстадым. Ойға алған ісінің орайы келгеніне әбден риза болып, көңілденген Әбекен де құптаған. Бұл өзі бір есте қалар ғибратты кездесу болды. Димекеннің ел тағдыры мен тұрмысы жөніндегі әрбір сөзі ой-санамызға сәуле боп құйылып, жан сарайымыз кеңейіп сала берген.

Шынында, осыдан кейін-ақ тұрған жері жұмақ, суы саумал, ауасы көкірегіңді шайдай ашар таза, ғажайып демалыс орны мен ем ордасы “Қапал-Арасанның” бағы жанып, ескі орталығы мен оған баратын жол жөнделіп, жаңа емдеу ғимараттары бой көтерді. Министрлік бұған қоса өздері үшін де бір корпус салып алды. Бұл да оның ажарын аша түспесе, сынын бұзған жоқ.

Әлбетте, айтуға жеңіл болғанмен, мұның ондайға түспегені белгілі. Өйткені санаторияның ескі ғимаратын бүгінгі талапқа сай жаңартып, қосымша корпустар салып қана қоймай, оларды осы заманғы медициналық аппара-

туралармен және жабдықтармен жарактандыру ісі де қатар жүріп, бұл жұмыстарға Әбекен тікелей өзі басшылық жасап, күнделікті назарда ұстап отырды. Әбекеннің ұйымдастырушылық іскерлігінің бір қыры да осыдан көрінген.

Әбекеннің сол Шәміл Хайроллаұлымен бірге Талдықорғаннан Қызылағаш, Молалы, Матай, Лепсі арқылы Балқаш көлінің жағалауына тікелей шығатын асфальт жолды салуға да бар күшін жұмсағанын білемін. Мұның өзі талдықорғандықтардың айналма жолмен орағытып жүрмей, Балқаш жағалауындағы демалыс үйлеріне төте жолмен шаршап-шалдықпай жетуіне жасаған бір жақсылығы еді. Оның үстіне бұл жолдың халықаралық, экономикалық маңызы да болды. Осының бәрі кім үшін? Әрине, адамдардың игілігі үшін жасалған ізгі қадамдар. Мен Әбубәкір Әлиұлының республикадағы мелиорация саласына, Талдықорған облысындағы суландыру ісіне сіңірген еңбегін саралап, онымен қызметтес болған әріптестері мен мамандардың сөздерін қайталап жатқым келмейді.

Бірақ бір нәрсе: оның талантты болып, өз ісінің нағыз маманы, іскер ұйымдастырушысы екені анық. Оған Әбекен басшылық еткен кезеңде Талдықорған облысы ауа райының ауыл шаруашылығына қолайсыз жылдардың өзінде елеулі жетістіктерге жетіп отырғаны да бір дәлел. Ал 1981, 1983 жылдардың қорытындылары бойынша облыстың сол кездегі Одақ пен республиканың ауыспалы Қызыл туларын жеңіп алуындағы Әбекеннің белсенді қызметі мен іскерлік үлесін ешкім жоққа шығара алмас. Қайда барса да іске құмбыл кірісіп, жан жүрегімен беріліп кететін Әбекен Талдықорған десе ішкен асын жерге қоятын. Туа бітті Талдықорғанның топырағынан түлеп ұшқандай бұл өңірдің қалірі мен қасиетін, арғы-бергі өткені мен кеткенін, ұлылар мен ұландарын, бүгіні мен болашағын тілінің майын тамыза айтып, серіктерін сілтідей тындыратын. Онымен де қоймай Талдықорғанда болған бес жылының ішінде қаншама игілікті істер атқарып, артына өшпес із қалдырып кетті. Бұл, сөз жоқ, елін, халқын сүйген нағыз азамат, шынайы патриоттың ғана табиғатына тән асыл қасиет екені талассыз.

Ең бастысы, Әбубәкір Әлиұлы ешкімді жатырқап-жатысынбайтын, біреуге жақсылық жасауға жаны қалмай ұмтылатын, пейілі кең, көңілі даладай дархан дара тұлға болатын. Өңгіме айтқанда да шырайын шығарып, әзіл-қалжынын қатар өрбітіп, жанындағыларды еріксіз еліктіріп, үйіріп әкететін. Қонақта отырып, аракідік ән салып, желпіндіріп алатын серілігін көргенім де бар. Кең тынысымен халық

әндерін шырқағанда өзіне ерекше қанат бітіп, басқа бір әлемге еніп кеткендей көрінетін. Сондайда “сегіз қырлы, бір сырлы” азамат осындай-ақ болар-ау деп ой түйгем.

Кейін мен Бүкілодақтық Кәсіподақтар кеңесінің хатшысы болып, Мәскеуге қызмет ауыстырған 1986 жылы Д.А.Қонаевтың кадрларына қырғидай тиген М.С.Горбачевтің қырына Әбекен де ілініп, зейнеткерлікке жасы бір жыл толмай, мерзімінен бұрын шықты да, Алматының К.Байсейітова көшесіндегі бұрын біз тұрған пәтерге көшіп келді. Әрине, егер көңілі қалағанда республикалық органдардың бірінен жауапты, лауазымды қызметтің бір құлағын ұстауына да болатын. Обкомның бірінші хатшысы болған адамды ешкім кеудесінен итере де қоймас еді. Бірақ Әбекен ешкімнің алдына барып, кабинет жағаламастан бірден саяжайға тартып, бақшасын өсірумен айналысты.

Қайыспас қара нардың рухы мықты хас азаматқа тән мәрттігі де осыдан танылған. Кейін Алматыға бір келгенімде екеуміз жүздесіп, хал-жағдай сұрасқанымызда:

— Үйің құтты болып тұр. Нәбиім де қатарға ілігіп, қыздар да өз орындарын тауып жатыр. Демалыс деген жақсы екен. Оңашада ой көп, өткен-кеткенді електен өткізіп, қағазға түсірсем бе деймін, — деп көңілдегісін жайып салған. Баяғы Әбекен. Аңқылдап, жарқылдаған мінезімен баурай жөнелетіні де сол қалпы.

Бірақ тағдырға кім ара тұрар. Тек тәубе етерміз, тұлпардың тұяғы — ұлы Нәбиі сол арманын жалғастырып, әкесі туралы жазып, баспадан шығарған кітапшасын ұсынғанда қуанып қалдым. Енді замандастарының естеліктерін жинап жатқанын да әке алдындағы парыздың бір өтеуі деп ұқтым. Өзінің туған жері Қызылорда қаласында Әбекеннің атына көше беріліп, Алматыда тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылуы да зиялы азаматтың әруағына деген құрмет. Біз Әбубәкір Әлиұлының әруағын қалай ардақтасақ та жарасады. Өйткені бұл — тірілердің парызы.

Астана, 2002 жылдың тамызы.

Өкпесіз өткен өмір

Биыл, яғни 2001 жылғы 5, 6 және 7 наурыз күндері болған Құрбан айтпен құттықтап, телефон соғушылар әдеттегідей көп болды. “Айтыңыз қабыл болсын” деп, маған игі тілек тілеген ағайындарға рахмет, әрине. Бірақ айттың екінші күні, яғни алтыншы наурыз күні соғылған телефон қоңырауының орны мен үшін бөлек еді.

Телефон трубкасын құлағыма апарғаннан-ақ өзіме етене жақын, жылы дауысты естідім. “Ассалаумағалейкум, Саламат Мукашевич! Ораза айтыңыз қабыл болсын. Апайды да Ораза айтпен, келе жатқан мерекесімен құттықтаймын”, — деген таныс дауыс саңқылдап қоя берді. Сөйлегенде сөзінің аяғын жұтпай анық, не нәрсені де нақтылап, шегелеп айтатын марқұм Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың көдімгі тірі даусы.

Сымның арғы ұшындағы дауыс маған трубканы көтерген кезде айтқан “алло” дегеннен басқа сөзге мұрша беріп жатқан жоқ. Ол сол екпіндеген қалпы сөзін жалғастырып: “Мен Тыныбаев Әбубәкірдің баласымын, атым Нәби. Астанада телефон соғып тұрмын. Әкемнің аз-маз жазған дүниелері бар еді, соған әкемнің замандастарының, жолдастарының, әкемді білетін кісілердің естеліктерін қосып, жинақ шығару үшін баспаға өткізуді жоспарлап отырмын. Осыған байланысты, әкем туралы есіңізде қалғандарды көңіліңіз хош көрсе жазып берсеңіз, әкемнің әруағы да риза болар еді, біз де бір қуанып қалар едік”, — деді.

— Қарағым Нәбижан-ай, өзің әкеңнен қалай аумамай қалсаң, даусың да солай аумамай қалыпты ғой. Сенің даусыңды естігенде Әбекеңнің өзі сөйлегендей, өзіміздің Әбекеңнің даусын естігендей болдым ғой. Көп рахмет саған Нәбижан, әкеңнің жолдастарын есіңе алғаныңа. Ең қызықты, мағыналы кездеріміз бірге өтті ғой. Ойда жүргендерді сыртқа шығаруға мүмкіндік туғызған саған рахмет! Әбекеңді білген адам оны қалай ұмытсын. “Тоқсанымыз жабылып, тоқты жыққан батырмыз” дегендей Әбекең туралы бәріміз жабылып бір кітап жазбақ түгілі, әрқайсысымыз бір-бір дүние жазсақ та аздық етпейді, қаншама жыр қылып айтсақ та Әбекең туралы сөзіміз бітпейді. Көлемі шектеулі дейсің бе? Маған жазуға уақытты да,

көлемді де аз беріп отырсың. Ойланайын. Бірақ қалай болғанда да, бір қайнауы ішінде асығыс дүние болайын деп тұр, — деп өзімнің қуанышымды да, осы әңгімеден алған әсерімді де, рахметімді де, келісімімді де және ескертпемді де бір ауыз сөзбен айтып, телефонның трубкасын қолыма ұстаған күйі ойға шомып, біраз отырып қалыппын.

Ұрпағы үзілмесе, артында із қалса адам өлмейді екен-ау. Тіпті бір кездердегі жолдастарыңның өзінен аумай қалған балаларын, олардың іс-әрекеттерін көргенде өзіңнің де жастық шағың еске түсіп, бір жасап қаласың. “Осы жігіттердің қасында жүрсең жолдастығы, достығы әкесіндей бола алар ма еді” деп ойлайсың. Жас кезің еске түсіп делебең қозып кетеді.

Тасқа қашап қалдырған белгі мәңгілік емес, қағазға жазып қалдырған белгі мәңгілік. Нәбидің осы бір ісі қандай ғанибет, қандай қызығарлық! Әйтпесе, Әбекен сияқты қазақтың бір туар тұлғалары аз ба?! Жоктаушысы жоқтарының есімдері ескерілмей, ұмытылып жатқан жоқ па? Не нәрсенің де уақытында жасалғаны абзал. Мерзімінде айтылмаған асыл сөзіңнің кейін қуаты болмайды. Еске алатын деректер көмескіленеді, көз көргендер өмірден озады. Осы игі істі Нәби дер кезінде қолға алып отыр.

Маған тапсырылған естелік-жазбаның көлемі мен уақытының шегіне сәйкес мен асығып қолыма қалам алдым.

Әбекенмен 1970–1980 жылдары Мәскеуде, Алматыда өткізілетін Жоғарғы Кеңестердің сессияларында, партия комитеттерінің Одақтық, республикалық съездерінде, пленумдарында және конференцияларында жиі кездесетінбіз. Тікелей араласып кете қоймағанымызбен сәлеміміз түзу, бір-бірімізге жүзіміз жылы болатын. Әңгімеміз негізінен шаруашылық, облыстарымыздың жағдайы жөнінде өрбитін. Әңгіменің желісі саясатқа немесе басқа жағдайға келіп тірелсе сөзді жеңіл әзілмен аяқтай салатын едік. Одан кейін науқандық жұмыстарға байланысты атқарылып жатқан іс-шаралар туралы ой бөлісіп, пікір алмасатынбыз. Мұндай жағдайларда да ойымыз бір арнаға тоғысып, пікірлеріміз үйлесіп жататын. Осылайша үйренісе келе жиындарда көпшіліктің арасынан бір-бірімізді көзбен шолып іздейтінді шығардық, көпшіліктің арасынан төбеміз көрінсе, алыстан бас изеп амандасып, жүзімізге шырай жүгіріп, кәдімгідей қуанып қалушы едік.

“Бәрін айт та, бірін айт” демекші, Әбекен туралы айтқанда алдымен оның жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын

қара нар екенін, істің адамы екенін айту керек. Қазақта: “Еңбектің қоңыр торысы” деген де әдемі сөз бар, бірақ ол Әбекеннің болмысына, жаратылысына келмейді, шаршаймайтын, жолында жүк қалмайтын “Қара нар” дәл келеді. Әбекеннің осындай қасиеттері мені оған тарта түсті. Жұмыс, қызмет бабына байланысты біз барынша жақын болып кеттік.

Жетпісінші жылдары Жайық өзенінің жағасында дренаж жұмыстарын, суландыру жүйесін жүргізу істерін шұғыл қолға алуға тура келді. Мұның бәрі де бізге Еуропаның бір пұшпағын алақанымен басып жатқан Қазақстанның Батыс өлкесін көркейту, абаттандыру, егіс көлемін арттыру үшін қажет еді. Осы мәселеге байланысты республика Үкіметінде және Мәскеуде өтетін жиындарда жиі бас қосатынбыз.

Республика деңгейінде бұрын осы сипатта, осындай ауқымда мұндай маңызды, күрделі, көлемді су шаруашылығының жұмыстары мен құрылысы жүргізіліп көрмегендіктен бізде мамандар, техникалар мен құрал-жабдықтар жеткіліксіз болды. Принципті мәселелер республика деңгейінде шешілгенімен, қолда жоқ, ірі, кесекті нәрселер үшін Мәскеуге алақан жаятынбыз.

Ол кезде мен қазіргі Атырау облысының бірінші басшысымын, Әбекен республика Мелиорация және су шаруашылығы министрі болатын. Осы қиын да маңызды мәселені шешуде Әбекен тек лауазымы бойынша ғана емес, білгір маман және іскер азамат ретінде де үлкен жәрдемін тигізді. Бұл игілікті істің Батыс облыстардың ішінде жері негізінен қуаң, құмақ және сортаң болып келетін, бар байлығын баурына басқан, әсіресе, Атырау халқына тигізген әсері айрықша болды. Атырау халқының аға буын өкілдері сол кездегі еңбегі үшін Әбекеннің есімін әлі күнге дейін ыстық ықыласпен, зор ризашылықпен ауызға алып отырады.

Батыс облыстары демекші, Ақтөбе облысындағы Ойыл ауданының және Атырау облысындағы Қызылқоға ауданының аралығындағы Ойыл өзеніне салынған бөгетке байланысты Әбекенмен бірлесіп атқарған жұмыс есіме түсіп отыр.

Ілкі жоба бойынша ақтөбеліктер Ойылдың суын пайдаланып, шабындықтарын суарып болған соң, шлюздің қақпасын ашып, суды көрші ауданға қарай жіберуге міндетті болатын. Алайда, қазақтың “жер дауы, жесір дауы” дейтін заманнан қалған ежелгі әдетінің әсері ме, әлде “өзі

тойса да көзі тоймайдының” кері ме, әйтеуір күн қызып, жер көктеп, шлюз қақпалары қалыпты іске қосылар тұста, республикалық деңгейде араласуға тура келген жанжал туды.

1974 жылғы ерте көктемде шлюз қақпалары көпке дейін ашылмай, Ойыл ауданының шабындықтары ұзақ уақыт су астында қалып, құнарлы жер қыртысы нәрін жойып, шөптің шығымына кері әсерін тигізді. Ал Қызылқоға ауданының енді көктей бастаған шабындықтары ерте көктемнің өзінде-ақ жайқалып өспек түгілі түп-тамырымен қурап, боз дала қуаң тартып, ерні кеберзіп, кірпігі-кірпігіне әрең ілініп, “шықпа жаным, шықпа” деп жатқан адамдай күй кешті. Сусаған даланың мынадай кейпінен шөп түгілі адамның өзі күйіп кететін. Соған қарамастан көршілеріміз сөзімізді жерде қалдырып, іштарлықпен өтінішімізді қабылдамай қойды.

Осы мәселемен Әбекең Атырауға шұғыл ұшып келіп, жергілікті жерде мән-жайға және бір қанығып алды да, тікұшақпен айқай-шу шығуға негіз болып отырған аталмыш бөгетке біздерді ертіп алып, тартып кетті. Қаһарлы тікұшақ бөгеттің үстін екі айналды да, “қане, қайсысың” деген жаналғыштай шұқшия төніп, маңайды шаңдата қонды.

Ұйымдасқан түрде қырсығып тұрған топқа “күткендерің біз болсақ, біз де келдік” дегендей Әбекең құлықсыз амандасқанның ырымын жасады да, басқа сөзге келмей шалт қимылдап, сұқ саусағымен шлюзді көрсетті. Әбекеңнің қолының сиқыры бардай, айлар бойы тістеніп, тісінің арасынан ғана сыздықтатып су жіберіп тұрған сараң шлюздің қақпалары да кідіріссіз ашылып, көмейіне кептелген суды ақтарып сала берді. Сол сәт біздің де бойымызға қан жүгіріп, тынысымыз кеңіп, жанымыз кіріп қалды. Халықты осыншама күйзелткен мәселе тез-ақ шешілді.

Әбекең жол бойы денесін бұған ашудан арылғысы келді ме, галстугін сәл босатып, алқым түймесін ағытып, оң қолының сұқ саусағын жағасы мен мойнының арасына салып ары-бері ырғап-ырғап қойды да, су шаруашылығының жергілікті қызметкерлеріне:

— Сушы шыншыл, әділ болуға міндетті. Бір шаруашылықтың, бір ауданның қамын ойлағаннан ешкім ешнәрсе ұтпайды. Күллі елдің, республиканың мүддесін қорғаған жөн. Ал, сіздердің осы тіршіліктеріңіз, әрекеттеріңіз адамгершілікке жата ма, заңға сия ма, айтыңдаршы? Көрші ауданның жері шөлдеп, адамдары судан тарығып отырға-

нын көре тұра көрмегенсіп, қақпаның кілтін құшақтап тыныш ұйықтап жатқандарыңды дұрыс деп ойлайсыңдар ма? Керек кезінде құс екеш құс та тұмсығымен су тасымай ма? — деп өзгелерді біраз сілкіп, өзі де біраз сілкініп алғаннан кейін, бізге қарап: — Су жөніндегі мұндай дауларға біз үйренгенбіз. Кей жылдары қырғыз, өзбек ағайындармен, мынау іргедегі көршіміз қытаймен қатты дауларға баратын кездеріміз болып тұрады. Сонда олардың бізге істеген қияс тірлігі де дәл осы өзіміздің ойылдықтардың әрекетінен айна-қатесі жоқ болатын. Сонда мен ойлайтынмын: “Судың сағасында қазақтар отырса мұндай болмас еді” деп. Оным бекер екен. Өңкей қазақтар жиналып азғантай суды бөлісе алмай жатырмыз. Кім болып кеткенбіз?! Сырт көзге не өкпе. Әйтеуір сырттың дауынан іштің дауы жеңіл екен, соған да Құдайға шүкір, — деді...

...Бірде көшеде кездесіп қалдық. Екеуміз де зейнет демалысына шыққанбыз. Қол бос.

Хал-жағдай сұрасқаннан кейін:

— Сөке, баяғыда партконференцияда мені қалай қорқытқаныңызды білесіз бе? — деп сұрады.

— Мен ешуақытта, ешкімді қорқытқан емеспін. Ал, Сізді біреуден қорқады, ығады деп есептемеймін, — дедім.

“Ол не жағдай еді” деп тікелей сұрамағаныммен, біраз әңгімелескеннен кейін, сөзден сөз туып, ол “қорқудың” да сыры ашылды.

Ол кезде Әбекен Талдықорған облысының бірінші басшысы болып қызмет істейтін. 1986 жылғы қаңтар айында өткен Талдықорған облыстық партконференциясына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі ретінде жауапты уәкіл болып мен қатыстым. Әбекенмен бірге аудандарда болып, шаруашылықтарды араладық. Дикандармен, малшылармен кездестік, әңгімелестік. “Қонақ аз отырып көп сынайды” демекші, менің байқағаным — қай шаруашылықтың басшысы болсын, тіпті Панфилов ауданындағы “Октябрьдің 40 жылдығы” атындағы шаруашылықтың басшысы, екі мәрте Еңбек Ері Николай Никитович Головацкий де Әбубәкір Әлиұлы Тыныбаевтың іскерлік қасиеттерін, білікті маман, адам жанын ұғына білетін абзал азамат ретіндегі қасиеттерін жоғары бағалап, мойындайды екен. Бәрі де оны кейбіреулер сияқты әйтеуір бір қырымен болса да көріну үшін елге ылаң салып, ілік іздеп жүрген жоғары деңгейдегі шенеунік емес, өздерінің қамқоршысы, ақылшысы, қала берді, “барды бар, жоқты